(stop-loss), тәуекелмен құнға лимиттерді (VaR), сезімталдық лимиттерін белгілейді. Нарықтық тәуекел

Бұл құжат ҚР 2003 жылдың 7 қаңтарындағы "Электронды құжат және электронды сандық қол қою" туралы заңның 7 бабы, 1 тармағына сәйкес қағаз бетіндегі заңмен тең.

Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года N370-II "Об электронном документе и электронной цифровой подписи" равнозначен документу на бумажном носителе.

лимиттері ҚР ҰБ, Банктік қадағалау жөніндегі Базель комитетінің талаптарына және банктік қызмет пен қаржы саласындағы үздік халықаралық практикаға сәйкес белгіленеді. Сондай-ақ Банк нарықтық тәуекелге ұшырауды ерте анықтау индикаторларының жүйесін, оның ішінде лимит алдындағы тәсілге негізделген индикатор жүйесін қолданады. Лимиттердің ықтимал бұзылуының алдын алу және болдырмау мақсатында Тәуекел-менеджмент департаменті нарықтық тәуекелге тұрақты мониторинг және бақылау жүргізеді. Нарықтық тәуекел мониторингі процесінде алынған нарықтық тәуекел деңгейінің өзгеруі туралы ақпарат АПБК-ге және Банк басқармасына тоқсан сайын және нарықтық тәуекел деңгейінің елеулі өзгеруі жағдайында қажетті шешімдер қабылдау үшін Тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау комитетіне және Банктің Директорлар кеңесіне уақтылы жеткізіледі.

Банк үшін жүргізілетін операциялардың сипатын ескере отырып, нарықтық тәуекелдің негізгі түрлері:

- валюталық тәуекел, пайыздық, бағалық тәуекел.

Валюталық тәуекел – Банк өз қызметін жүзеге асырған кезде шетел валюталары және (немесе) бағалы металдар (валюталық металдар) бағамдарының қолайсыз өзгеруі салдарынан қаржылық шығындардың туындау тәуекелі.

Валюталық тәуекелді басқару шеңберінде:

- Value-at-risk (VaR) және Expected Shortfall (ES) әдіснамасын пайдалана отырып валюталық тәуекел деңгейін сандық бағалау жүзеге асырылады;
- валюталық тәуекелді шектеу мақсатында әрбір валюта және жиынтық позиция бойынша ашық валюталық позициялардың лимиттері, ең жоғары шығыстардың лимиттері (stop-loss), сондай-ақ тәуекел астындағы құнға лимиттер (VaR) белгіленеді;
- тұрақты негізде қаржы нарықтарының ағымдағы конъюнктурасына талдау, валюталық тәуекелдің елеулі факторларын және олардың банктің қаржылық нәтижесіне әсерін бағалау жүргізіледі;
- тәуекелді азайту мақсатында Банк нарықтық тәуекелді хеджирлеудің әртүрлі стратегияларын қолданады;
- тұрақты стресс-тестілеу жүргізіледі.

Пайыздық тәуекел – төмендегілерді қоса алғанда, активтер, пассивтер және баланстан тыс құралдар бойынша нарықтық пайыздық мөлшерлемелердің қолайсыз өзгеруі салдарынан қаржылық шығындардың туындау ықтималдығы:

- Банктің активтері мен міндеттемелері бойынша мөлшерлемелердің түрлерін (өзгермелі не бекітілген) қолдануы салдарынан қаржылық шығындардың туындау тәуекелі;
- сыйақының бекітілген мөлшерлемелері кезінде Банктің талаптары мен міндеттемелерін өтеу

Бұл құжат ҚР 2003 жылдың 7 қаңтарындағы "Электронды құжат және электронды сандық қол қою" туралы заңның 7 бабы, 1 тармағына сәйкес қағаз бетіндегі заңмен тең.

Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года N370-II "Об электронном документе и электронной цифровой подписи" равнозначен документу на бумажном носителе.

мерзімдерінің

сәйкес келмеуі салдарынан қаржылық шығындардың туындау тәуекелі;

- нарықтық пайыздық мөлшерлемелер өзгерген кезде борыштық бағалы қағаздар мен туынды қаржы

құралдары құнының өзгеруі салдарынан қаржылық шығындардың туындау тәуекелі.

Пайыздық тәуекелді басқару шеңберінде:

- ГЭП талдауды, дюрация әдісін, сондай-ақ VaR және ES әдіснамасын пайдалана отырып, Банктің пайыздық

тәуекелге ұшырауына тұрақты бағалау жүргізіледі;

- өтеу/пайыздық мөлшерлемелерді қайта қарау мерзімдері бойынша активтер мен пассивтер құрылымына

тұрақты мониторинг жүргізіледі;

- пайыздық тәуекелді шектеу үшін нарықтағы пайыздық мөлшерлемелердің өзгеруіне сезімтал қаржы

құралдарымен операцияларға, бағалы қағаздар портфелінің құрылымына арналған лимиттер, пайыздық

мөлшерлемелердің өзгеруіне сезімталдық лимиттері, борыштық бағалы қағаздармен операциялар үшін ең

жоғары шығындар лимиттері (stop-loss) белгіленеді;

- мерзімі, валюта түрлері, құралдар және клиенттер санаттары қимасында ресурстарды орналастыру/тарту

мөлшерлемелері белгіленеді және жедел қайта қаралады;

- пайыздық тәуекелді басқару мақсаттары үшін Банк ұқсас құралдар түрлері бойынша нарықтардағы пайыздық

мөлшерлемелерге тұрақты мониторинг жүргізеді, олардың құбылмалылығын талдайды;

- Банктің нарықтық пайыздық мөлшерлемелердің өзгеруіне сезімталдығына және олардың Банктің кірістілігі

мен капиталына әсеріне талдау жиі жүргізіледі.

Баға тәуекелі-қаржы құралдарының, тауарлардың нарықтық құнындағы қолайсыз өзгерістер салдарынан

қаржылық шығындардың туындау ықтималдығы.

Қаржы құралдарының портфелін басқару Қазынашылықтың қаржы құралдарының портфелін қалыптастыру

және басқару жөніндегі бекітілген инвестициялық стратегиясына, белгіленген тәуекел дәрежесі шеңберінде

ағымдағы нарықтық жағдайға сәйкес жүргізіледі.

Баға тәуекелін басқару шеңберінде:

- VaR әдіснамасын пайдалана отырып, Банктің баға тәуекеліне ұшырағыштығын тұрақты бағалау жүргізіледі;

- бағалы қағаздар портфелін тиімді басқару үшін құбылмалылыққа талдау және қаржы құралдарына нарықтық

бағаларды болжау жүргізіледі;

- Эмитент сапасын бағалау және мониторинг тұрақты түрде жүргізіледі;

- баға тәуекелін шектеу үшін қаржы құралдарымен операцияларға арналған лимиттер, бағалы қағаздар

эмитентінің кредиттік тәуекелі, бағалы қағаздар портфелінің құрылымы, ең жоғары шығыстар лимиттері (stoploss)

белгіленеді);

- тұрақты стресс-тестілеу жүргізіледі.

Бұл құжат ҚР 2003 жылдың 7 қаңтарындағы "Электронды құжат және электронды сандық қол қою" туралы заңның 7 бабы, 1 тармағына сәйкес қағаз бетіндегі заңмен тең.

Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года N370-II "Об электронном документе и электронной цифровой подписи" равнозначен документу на бумажном носителе.

Эмитенттің қаржылық активтердің және эмитенттің қаржылық міндеттемелерінің теңгерімсіздігінен туындайтын, эмитенттің өз міндеттемелерін толық көлемде орындалуын қамтамасыз етуге дәрменсіздігі (оның ішінде эмитенттің бір немесе бірнеше контрагенттерінің қаржылық міндеттемелерін уақтылы орындамауы салдарынан) және (немесе) эмитенттің қаржы міндеттемелерін дереу және бір реттік орындауына болжанбаған қажеттіліктің туындауы салдарынан болған эмитенттің шығындарымен байланысты тәуекелдер.

Өтімділік тәуекелі – бұл Банктің өз міндеттемелерін белгіленген мерзімде елеулі шығындарсыз орындай

алмауы нәтижесінде қаржылық шығындардың туындау ықтималдығы.

Өтімділік тәуекелін басқару Банкте ақша ағындарының уақытша құрылымын және өтімділік көрсеткіштерін

талдау және болжау, қорландыру базасының жоспарлы әртараптандыру және жеделдігін арттыру,

қаржыландырудың ықтимал балама көздерін анықтау, жоғары өтімді активтердің жеткілікті көлемін ұстап

тұру арқылы жүзеге асырылады. Өтімділік тәуекелін бақылау мерзімділік, валюталар және операциялар

түрлері бөлінісінде активтер мен пассивтердің құрылымын реттейтін басқарушылық шешімдер қабылдау

арқылы, сондай-ақ өтімділік тәуекелін басқарудың ішкі рәсімдерін жетілдіру, Банктің Директорлар Кеңесі

бекіткен сценарийлер бойынша тұрақты стресс-тестілеу жүргізу арқылы жүзеге асырылады.

Өтімділік тәуекелін басқару бойынша іске асырылып жатқан тәсілдер Банкке өтімділіктің жеткілікті деңгейін

ұстап тұруға және ағымдағы қызметтің тұрақтылығын, болашақта өз міндеттемелерінің толық және уақтылы

орындалуын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Эмитенттің қаржылық есептілігі көрсеткіштерінің қайсысы қаржылық тәуекелдердің ықпалы, олардың пайда болуы ықтималдығы және есептіліктегі өзгерістердің сипаты нәтижесінде өзгеріске аса шалдыққыш екені көрсетіледі.

Валюталық тәуекелді басқару шеңберінде қаржы нарықтарының ағымдағы конъюнктурасына тұрақты негізде талдау, валюталық тәуекелдің елеулі факторларын және Банктің қаржылық нәтижесіне олардың әсерін бағалау жүргізіледі. Валюталық ауытқулар шетел валютасында көрсетілген активтер мен міндеттемелерді қайта бағалауға, сондай-ақ кірістер мен шығыстар туралы есепте көрсетілген тиісті операциялардың кірістілігіне әсер етуі мүмкін.

Мерзімді түрде Банктің нарықтық пайыздық мөлшерлемелердің өзгеруіне сезімталдығына және олардың Банктің кірістілігі мен капиталына әсеріне талдау жасалады. Пайыздық мөлшерлемелердің өзгеруі пайыздық маржаға, қарыз құралдарының әділ құнына және соның салдарынан қаржылық есептілікте көрсетілген жиынтық кіріс пен капитал көрсеткіштеріне әсер етуі мүмкін.

Банк кітабындағы (IRRBB) пайыздық тәуекелді басқару шеңберінде Банк пайыздық тәуекелдің күтілетін пайыздық кіріске (NII) де, капиталдың экономикалық құнына (EVE) да әсерін бағалауды қолданады. NII көрсеткіші мөлшерлемелердің кірістер мен шығыстар туралы есепте көрсетілген таза пайыздық пайдаға өзгеруінің қысқамерзімді салдарын бағалауға мүмкіндік береді, ал EVE капиталдың тұрақтылығына әсер ететін активтер мен міндеттемелердің ағымдағы келтірілген құнына ұзақмерзімді әсер етуді сипаттайды. Сезімталдықты талдау GAP-талдауды, дюрация әдісін, VaR және Expected Shortfall бағалауды пайдалана отырып жүзеге

Бұл құжат ҚР 2003 жылдың 7 қаңтарындағы "Электронды құжат және электронды сандық қол қою" туралы заңның 7 бабы, 1 тармағына сәйкес қағаз бетіндегі заңмен тең.

Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года N370-II "Об электронном документе и электронной цифровой подписи" равнозначен документу на бумажном носителе.

асырылады.

Сонымен қатар мөлшерлемелерді қайта қарау мерзімдері бойынша активтер мен міндеттемелер құрылымына тұрақты мониторинг жүргізіледі, бұл пайыздық маржадағы құбылмалылықтың ықтимал көздерін уақтылы анықтауға және түзету шараларын қабылдауға мүмкіндік береді.

Баға тәуекелі сауда және инвестициялық портфельдерді қайта бағалауға әкелуі мүмкін, бұл басқа жиынтық кірістің құрамында немесе пайда мен залал арқылы қаржы құралдарының әділ құнының өзгеруінен көрінеді. Ықтимал өзгерістерді бағалау құбылмалылықты талдау, нарықтық бағаны болжау және тұрақты стресс-тестілеу негізінде жүзеге асырылады.

Осылайша, қаржылық тәуекелдердің әсеріне бейім көрсеткіштерге мыналар жатады:

- таза пайыздық маржа (NII),
- капиталдың экономикалық құны (EVE),
- жиынтық табыс,
- меншікті капитал мөлшері,
- валюталық қайта бағалау,
- қаржы құралдарының әділ құны.

Банктің тәуекел-менеджменті тиісті өзгерістердің туындау ықтималдығын тұрақты бағалауды және түзету шешімдерін қабылдау үшін басқару органдарын жедел хабардар етуді қамтамасыз етеді.

3) құқықтық тәуекел – эмитенттің мыналардың: Қазақстан Республикасының валюталық, салықтық, кедендік заңнамасының өзгеруі; эмитенттің негізгі қызметіне қойылатын лицензиялау талаптары; эмитенттің Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасының талаптарын және жасалған шарттардың талаптарын сақтамауы; қызметті жүзеге асырудағы жіберілген құқықтық қателіктер (дұрыс емес заң консультациясын алу немесе құжаттарды дұрыс жасамау, соның ішінде сот органдарындағы даулы мәселелерді қарастыру кезінде) салдарынан шығынға ұшырау тәуекелін сипаттайды.

Құқықтық тәуекел – Банктің Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын бұзуы не Банк практикасының оның ішкі құжаттарына сәйкес келмеуі, ал Қазақстан Республикасының бейрезиденттерімен қатынастарда басқа мемлекеттердің заңнамаларын бұзуы, сондай-ақ Банктің шарттарды, келісімдерді сақтамауы салдарынан шығыстардың (шығындардың), сот талап-арыздарының туындау тәуекелі

4) іскерлік беделінен айырылу тәуекелі (бедел тәуекелі) - эмитенттің қаржылық тұрақтылығы, қаржылық жағдайы, оның өнім (жұмыс, қызмет) сапасы немесе жалпы қызмет сипаты туралы теріс ұғым қалыптасу салдарынан эмитент клиентінің (контрагенттерінің) санының азаюы нәтижесінде залал шегу тәуекелінің туындауы мүмкін екені суреттеледі.

Бедел тәуекелі-қоғамда Банктің сенімділігі, ол көрсететін қызметтердің сапасы немесе тұтастай алғанда банк қызметінің сипаты туралы теріс түсінік қалыптастыру салдарынан шығындардың туындау, клиенттік базаның тарылуы, дамудың өзге де көрсеткіштерінің төмендеуі нәтижесінде жоспарланған кірістердің алынбау ықтималдығы.

Банкке, сондай-ақ оның акционерлеріне жауапкершілік шараларын қолдану тәуекелдерін, қаржылық шығындар тәуекелін және беделге нұқсан келтіруді төмендету мақсатында Банкте қолданылатын құқық нормаларының, ішкі саясаттар мен рәсімдердің, мінез-құлық кодекстерінің және бизнесті жүргізудің адал практикасы стандарттарының сақталуы қамтамасыз етіледі

5) стратегиялық тәуекел – эмитенттің қызмет және даму стратегиясын (стратегиялық басқаруын) анықтайтын шешімдерді қабылдау кезінде жіберілген қателік (кемшілік)

Бұл құжат ҚР 2003 жылдың 7 қаңтарындағы "Электронды құжат және электронды сандық қол қою" туралы заңның 7 бабы, 1 тармағына сәйкес қағаз бетіндегі заңмен тең.

Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года N370-II "Об электронном документе и электронной цифровой подписи" равнозначен документу на бумажном носителе.

нәтижесінде туындауы мүмкін және эмитенттің қызметіне қауіп төндіруі мүмкін ықтимал қатерді есепке алмағанында немесе тиісті түрде есепке алмағанында білінетін, эмитент бәсекелестерінің алдында басымдыққа ие болуы мүмкін қызметінің келешегі бар бағыттарын дұрыс емес немесе толық негіздемесіз белгіленгенін, эмитент қызметінің стратегиялық мақсатына қолжеткізуді қамтамасыз етуі тиіс қажетті ресурстардың (қаржылық, материалды-техникалық, адами) және ұйымдастыру шараларының (басқару шараларының) жоқ екенін немесе толық көлемде қамтамасыз етілмегенін көрсететін тәуекел.

Банк өз қызметінде Банктің 2019-2024 жылдар аралығындағы кезеңге арналған даму стратегиясына негізделеді, онда Банктің миссиясы мен стратегиялық даму мақсаттары нақты көрсетілген. Стратегияны іске асырудың негізгі кезеңдеріне мыналар жатады: дайындау, іске асыру, нарыққа шығу (жаңа өнімдер, шығу арналары, жылжыту) және кеңейту. Бұдан басқа, Банк қызметті жүзеге асыру кезінде тәуекелдерді басқару

жүйесін және тиісінше бекітілген ішкі құжаттарды: тәуекел-тәбет стратегиясын, тәуекелдерді басқару саясаттарын (нарықтық тәуекел, өтімділік тәуекелі, капиталдың жеткіліктілік тәуекелі, кредиттік тәуекел, операциялық тәуекел), рәсімдерді, қағидаларды және өзге де құжаттарды басшылыққа алады.

6) эмитенттің қызметіне байланысты тәуекел – тек эмитентке тән немесе қоғамның жүргізетін негізгі қаржы-шаруашылық қызметіне байланысты тәуекелдер сипатталады, оның ішінде мынаған байланысты тәуекелдер: эмитенттің белгілі бір қызмет түрін жүргізуге немесе айналыста болуы шектелген объектілерді (оның ішінде табиғи ресурстарды) пайдалануға лицензияның қолданыс мерзімін ұзарту мүмкіндігінің болмауы; эмитенттің үшінші тұлғалардың, оның ішінде эмитенттің еншілес қоғамдарының борыштары бойынша ықтимал жауапкершілігі; айналымына эмитент өнімін (жұмысын, қызметін) сатудан түскен жалпы түсімінен кем дегенде 10 пайызы тиесілі болатын тұтынушыдан айырылу ықтималдығы.

Жоқ.

7) елдік тәуекел – экономикалық, саяси, әлеуметтік өзгерістерге байланысты шетелдік контрагенттердің (занды тұлғалардың, жеке тұлғалардың) міндеттемелерін орындамау салдарынан, сондай-ақ ақшалай міндеттеменің валютасы контрагент үшін өз резиденттік елінің заңнамасының ерекшеліктеріне байланысты қол жетімді болмауы салдарынан (контрагенттің өзінің қаржылық жағдайына қарамастан) эмитенттің шығынға ұшырау қаупін сипаттайды.

Елдік тәуекел - шет мемлекеттің немесе шет мемлекет резидентінің төлем қабілетсіздігі немесе қаржы тәуекелдеріне байланысты емес себептер бойынша Банк алдындағы міндеттемелер бойынша жауап бергісі келмеуі салдарынан шығыстардың (шығындардың) туындау тәуекелі.

Елдік лимиттер белгілеу арқылы Банк:

1) Банк жоспарлаған қаржылық нәтижелерге қол жеткізуге кедергі келтіруі мүмкін күтпеген шығындарды азайту мақсатында елдік тәуекелдің орынды деңгейін қабылдайды;

2) елдік тәуекелді төмендету үшін нәтижелі бақылауды жүзеге асырады;

3) Егемен қарыз алушыларды / эмитенттерді және мемлекеттік билік органдарын қоса алғанда, жекелеген елдің контрагенттерімен операциялар бойынша кредиттік тәуекелдің жиынтық шоғырлануын шектейді.

8) операциялық тәуекел – эмитенттің қызметкерлері жол берген, ішкі процестерді жүзеге асыру барысындағы кемшіліктер немесе қателер, ақпараттық жүйелер мен технологиялардың дұрыс жұмыс істемеуі, сондай-ақ сыртқы оқиғалар салдарынан болатын шығыстар (шығындар) тәуекелін сипаттайды.

Банк операциялық тәуекелді басқаруды заңнама талаптарына сәйкес жүзеге асырады.

Банкте «Операциялық тәуекелді басқару саясаты» бекітілген, онда операциялық тәуекелді басқару кезінде сақталатын қағидалар көрсетілген.

Бұл құжат ҚР 2003 жылдың 7 қаңтарындағы "Электронды құжат және электронды сандық қол қою" туралы заңның 7 бабы, 1 тармағына сәйкес қағаз бетіндегі заңмен тең.

Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года N370-II "Об электронном документе и электронной цифровой подписи" равнозначен документу на бумажном носителе.

Операциялық тәуекелді басқару саясатын іске асыру мақсатында Банкте операциялық тәуекелдерді басқару бөлімшесі жұмыс істейді, оның негізгі міндеті болып операциялық тәуекелдерді басқару жүйесін құру, операциялық тәуекелді басқаруды үйлестіру және орталықтандыру табылады. Бұл бөлімшеге операциялық тәуекелді басқару бойынша құралдар мен технологияларды әзірлеу және енгізу және жетекшілік ету жүктелген. Сондай-ақ Банктің барлық бөлімшелерінде Операциялық тәуекелдер жөніндегі тәуекел-үйлестірушілер тағайындалды, олардың жауапкершілігіне Операциялық тәуекелдер басқармасымен (ОТБ) тұрақты ақпарат алмасу кіреді.

Банк қолданатын негізгі құралдар – операциялық тәуекелдердің ішкі оқиғаларының базасы. Ақпарат тәуекел үйлестірушілерден жинақталады, оқиға базасында жіктеу санаттары қимасында көрсетілген, оқиғаның сипаттамасы, келтірілген залалдар сомасы және тәуекелді басқару бойынша қабылданған іс-шаралар көрсетіледі.

Жаңа өнімдерді, бизнес-үдерістерді, жүйелерді құру кезінде тәуекелді сәйкестендіру. Операциялық тәуекелдер басқармасы бөлімшесі ықтимал тәуекел мәніне қосымша талдау жүргізеді және Банктің бизнес-бөлімшелерімен тығыз байланыста тәуекелдерге талдау жүргізеді. Тәуекел бөлімшесінің қарауынсыз

Басқармада бірде-бір өнім, процесс қаралмайды.

Тәуекелге баға беру. ОТБ бөлімшесі қолданыстағы үдерістердегі тәуекелге ұқсас бағалау жүргізеді. Өзін-өзі бағалаудың жеке әдістемесі жасалды. Өзін-өзі бағалау процесінде персоналды тәуекелді анықтау дағдыларына оқыту жүргізіледі. Нәтижелер тәуекелдер картасы түрінде ресімделеді және Басқармада қаралуға жатады.

Операциялық тәуекелдердің сыртқы оқиғалар базасы. Бұл мәліметтер базасында операциялық тәуекелдің сыртқы оқиғалары туралы ақпарат жиналады. Тәуекел-менеджер оқиғаларды анықтаған кезде бизнес-үдеріс иесімен біздің Банкте оқиғаны қайталау мүмкіндігі бойынша тестілеу жүргізуді жүзеге асырады.

Банк қызметкерлерінің біліктілігін арттыру мақсатында, Операциялық тәуекелдер басқармасының

қызметкерлері жыл сайын операциялық тәуекелдерді басқару мәселелері бойынша Банк персоналын оқытуды жүргізеді.

Банкте күтпеген жағдайларға арналған іс-қимыл жоспарын қоса алғанда, банк операциялары мен мәмілелерді жасау кезінде қызметтің үздіксіздігін қамтамасыз ету жөніндегі шаралардың кешенді жүйесі қолданылады.

Банкте қызметтің үздіксіздігін басқару саясаты және қызметтің үздіксіздігін басқару бойынша басқа да жекелеген құжаттар бекітілді.

9) экологиялық тәуекелдер – климаттық және экологиялық факторларға байланысты, эмитенттің қызметіне ықпал етуге қабілетті тәуекелдерді сипаттайды.

Экологиялық және климаттық факторлар – бұл банк қызметі үшін елеулі тәуекелдер. Климаттың өзгеруі және оның салдары, қоршаған ортаның ластануы банктер мен олардың клиенттерінің қаржылық жағдайына теріс әсер етуі мүмкін.

Табиғи ресурстарды (мысалы, ауыл шаруашылығында) пайдалануға, сондай-ақ олардың қаржылық көрсеткіштеріне тәуелді, қарыз алушылардың қызметіне қауіп төндіретін экологиялық тәуекелдер *:

1. Ауа ортасына теріс әсер;
2. Су объектілеріне теріс әсер;
3. Топырақтың деградациясы;
4. Ормандарды кесу және биологиялық алуан түрлілікті азайту.

Бұл құжат ҚР 2003 жылдың 7 қаңтарындағы "Электронды құжат және электронды сандық қол қою" туралы заңның 7 бабы, 1 тармағына сәйкес қағаз бетіндегі заңмен тең.

Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года N370-II "Об электронном документе и электронной цифровой подписи" равнозначен документу на бумажном носителе.

Банк қызметіне қауіп төндіретін климаттық тәуекелдер **:

1. Өтпелі тәуекелдер – төмен көміртекті экономикаға көшумен байланысты тәуекелдер:

- реттеуші және құқықтық тәуекелдер: жаңа климаттық нормалар мен стандарттарды енгізу тәуекелдерді азайтуға және жаңа жағдайларға бейімделуге қосымша инвестицияларды қажет етуі мүмкін;
- технологиялық тәуекелдер: төмен көміртекті экономикаға көшу үшін технологиялық жақсартуларды немесе инновацияларды енгізуге байланысты тәуекелдер (мысалы, жаңартылатын көздерден энергияны пайдалану);
- нарықтық тәуекелдер: өнімдер мен қызметтердің жекелеген түрлерін жеткізу тізбегінің өзгеруі;
- бедел тәуекелдері: климаттық тәуекелдер деңгейі жоғары жобаларды қаржыландыру теріс қоғамдық пікірге және инвесторлар мен клиенттердің сенімінің төмендеуіне әкелуі мүмкін.

2. Физикалық тәуекелдер – бұл қарыз алушылардың жеткізу тізбегіне, демек, олардың қаржылық көрсеткіштеріне тікелей әсер ететін климаттың өзгеруінің физикалық салдарымен байланысты тәуекелдер:

- шұғыл тәуекелдер, мысалы, экстремалды ауа-райының күшеюі (циклондар, дауылдар, су тасқыны, құрғақшылық);
- жүйелік тәуекелдер, мысалы, планетадағы орташа температураның жоғарылауына байланысты тұрақты жылу толқындары.

35. Эмитент қатысатын өнеркәсіптік, банктік, қаржы топтары, холдингтер, концерндер, қауымдастықтар, консорциумдар туралы ақпарат:

1) Эмитент қатысатын өнеркәсіптік, банктік, қаржы топтары, холдингтер, концерндер, қауымдастықтар, консорциумдар, Эмитенттің осы ұйымдарға қатысуының рөлі (орны), функциялары мен мерзімі.

- «Қазақстан қаржыгерлерінің қауымдастығы» ЗТҰ - ҚР нормативтік-құқықтық және заңнамалық актілерін жетілдіруге қатысу, ақпараттық және әдіснамалық қызметтерді алу; 2001 жылдан бастап қатысу кезеңі
- «Қазақстанның депозиттерге кепілдік беру қоры» АҚ - ҚР жеке тұлғаларын міндетті ұжымдық кепілдік беру (сақтандыру) жүйесінің қатысушысы; 2000 жылдан бастап қатысу кезеңі
- «Қазақстандық биржа қоры» АҚ - Қаржы құралдарының сауда-саттығына қатысушы; Биржа акционері; 2003 жылдан бастап қатысу кезеңі
- «Бағалы қағаздардың орталық депозитарийі» АҚ - Қаржы құралдарымен жасалған мәмілелер бойынша есеп-айырысуды жүзеге асыруға қатысу; 2007 жылдан бастап қатысу кезеңі
- «Бірінші кредиттік бюро» ЖШС - Жалпы кредиттік тіркелімді қалыптастыру үшін ақпаратты ұсыну және кредиттік тіркелім мәліметтерін пайдалану; Бюро құрылтайшыларының бірі; 2005 жылдан бастап қатысу кезеңі
- «Қазақстан Республикасының Банктерінің Қауымдастығы» ЗТҰ -ҚР нормативтік-құқықтық және заңнамалық актілерін жетілдіруге қатысу, ақпараттық және әдіснамалық қызметтерді алу; 1993 жылдан бастап қатысу кезеңі

2) эмитенттің Қаржы-шаруашылық қызметінің нәтижелері, осындай тәуелділік сипаты айтарлықтай тәуелді болатын өнеркәсіптік, банктік, қаржы топтарының, холдингтердің, концерндердің, қауымдастықтардың, консорциумдардың өзге де мүшелері жатады. қолданылмайды

Бұл құжат ҚР 2003 жылдың 7 қаңтарындағы "Электронды құжат және электронды сандық қол қою" туралы заңның 7 бабы, 1 тармағына сәйкес қағаз бетіндегі заңмен тең.

Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года N370-II "Об электронном документе и электронной цифровой подписи" равнозначен документу на бумажном носителе.

36. Эмитенттің еншілес және (немесе) тәуелді заңды тұлғалары болған жағдайда, осындай әр заңды тұлға бойынша мынадай ақпарат көрсетіледі:

1) толық және қысқартылған атауы, бизнес-сәйкестендіру нөмірі (бар болса), орналасқан жері:

Толық атауы: «Alatau City Garant» Сақтандыру компаниясы» Акционерлік қоғамы

Қысқартылған атауы: «Alatau City Garant» СК» АҚ

Орналасқан жері: Алматы қаласы, Назарбаев даңғылы, 187 Б

БСН (бар болса): 080740012607

2) заңды тұлғаны эмитентке қатысты еншілес және (немесе) тәуелді деп тану негіздері: Эмитент акциялардың бақылау пакетіне ие және осы АҚ-тың жалғыз құрылтайшысы болып табылады.

3) егер еншілес және (немесе) тәуелді заңды тұлға акционерлік қоғам болған жағдайда, эмитенттің еншілес және (немесе) тәуелді заңды тұлғаның жарғылық капиталына қатысу үлесінің көлемі - сондай акционерлік қоғамның эмитентке тиесілі дауыс беруші акцияларының үлесі: жүз пайыз

1) толық және қысқартылған атауы, бизнес-сәйкестендіру нөмірі (бар болса), орналасқан жері:

Толық атауы: «Alatau City Invest» акционерлік қоғамы

Қысқартылған атауы: «Alatau City Invest» АҚ

Орналасқан жері: Астана қаласы, Есіл ауданы, Сығанақ көшесі, 70 ғимарат

БСН (бар болса): 041240002875

2) заңды тұлғаны эмитентке қатысты еншілес және (немесе) тәуелді деп тану негіздері: Эмитент акциялардың бақылау пакетіне ие және осы АҚ-тың жалғыз құрылтайшысы болып табылады.

3) егер еншілес және (немесе) тәуелді заңды тұлға акционерлік қоғам болған жағдайда, эмитенттің еншілес және (немесе) тәуелді заңды тұлғаның жарғылық капиталына қатысу үлесінің көлемі - сондай акционерлік қоғамның эмитентке тиесілі дауыс беруші акцияларының үлесі: жүз пайыз

1) толық және қысқартылған атауы, бизнес-сәйкестендіру нөмірі (бар болса), орналасқан жері:

Толық атауы: «First Heartland Capital» Акционерлік Қоғамы

Қысқартылған атауы: «First Heartland Capital» АҚ

Орналасқан жері: Алматы қаласы, Медеу ауданы, Нұрсұлтан Назарбаев даңғылы, 242 үй

БСН (бар болса): 180440028435

2) заңды тұлғаны эмитентке қатысты еншілес және (немесе) тәуелді деп тану негіздері: Эмитент акциялардың бақылау пакетіне ие және осы АҚ-тың жалғыз құрылтайшысы болып табылады.

3) егер еншілес және (немесе) тәуелді заңды тұлға акционерлік қоғам болған жағдайда, эмитенттің еншілес және (немесе) тәуелді заңды тұлғаның жарғылық капиталына қатысу үлесінің көлемі - сондай акционерлік қоғамның эмитентке тиесілі дауыс беруші акцияларының үлесі: жүз пайыз

Бұл құжат ҚР 2003 жылдың 7 қаңтарындағы "Электронды құжат және электронды сандық қол қою" туралы заңның 7 бабы, 1 тармағына сәйкес қағаз бетіндегі заңмен тең.

Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года N370-II "Об электронном документе и электронной цифровой подписи" равнозначен документу на бумажном носителе.

1) толық және қысқартылған атауы, бизнес-сәйкестендіру нөмірі (бар болса), орналасқан жері:

Толық атауы: «Оптим Банк» ашық акционерлік қоғамы

Қысқартылған атауы: «Оптим Банк» ААҚ

Орналасқан жері: Қырғыз Республикасы, Бішкек қаласы, Жібек жолы даңғылы, 493

БСН (бар болса): 150650000878

2) заңды тұлғаны эмитентке қатысты еншілес және (немесе) тәуелді деп тану негіздері: Эмитент осы ААҚ акцияларының бақылау пакетін иеленеді.

3) егер еншілес және (немесе) тәуелді заңды тұлға акционерлік қоғам болған жағдайда, эмитенттің еншілес және (немесе) тәуелді заңды тұлғаның жарғылық капиталына қатысу үлесінің көлемі - сондай акционерлік қоғамның эмитентке тиесілі дауыс беруші акцияларының үлесі: тоқсан жеті пайыз

1) толық және қысқартылған атауы, бизнес-сәйкестендіру нөмірі (бар болса), орналасқан жері:

Толық атауы: ОУСА Юг» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Қысқартылған атауы: «ОУСА Юг» ЖШС

Орналасқан жері: индексі А15С8Х5 Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Бостандық ауданы, "Көктем-1" шағынауданы, 1-үй, 105-тұрғын емес үй-жай.

БСН (бар болса): 130140014801

2) заңды тұлғаны эмитентке қатысты еншілес және (немесе) тәуелді деп тану негіздері: Эмитенттің осы ЖШС жарғылық капиталына басым қатысуына байланысты.

3) егер еншілес және (немесе) тәуелді заңды тұлға акционерлік қоғам болған жағдайда, эмитенттің еншілес және (немесе) тәуелді заңды тұлғаның жарғылық капиталына қатысу үлесінің көлемі - сондай акционерлік қоғамның эмитентке тиесілі дауыс беруші акцияларының үлесі: жүз пайыз

1) толық және қысқартылған атауы, бизнес-сәйкестендіру нөмірі (бар болса), орналасқан жері:

Толық атауы: «Jusan Development» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Қысқартылған атауы: «Jusan Development» ЖШС

Орналасқан жері: индексі А15С8Х5 Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Бостандық ауданы, "Көктем-1" шағынауданы, 1-үй, 105-тұрғын емес үй-жай

БСН (бар болса):

2) заңды тұлғаны эмитентке қатысты еншілес және (немесе) тәуелді деп тану негіздері: Эмитенттің осы ЖШС жарғылық капиталына басым қатысуына байланысты.

3) егер еншілес және (немесе) тәуелді заңды тұлға акционерлік қоғам болған жағдайда, эмитенттің еншілес және (немесе) тәуелді заңды тұлғаның жарғылық капиталына қатысу үлесінің көлемі - сондай акционерлік қоғамның эмитентке тиесілі дауыс беруші акцияларының үлесі: жүз пайыз

1) толық және қысқартылған атауы, бизнес-сәйкестендіру нөмірі (бар болса), орналасқан жері:

Толық атауы: «Jusan Property» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Қысқартылған атауы: «Jusan Property» ЖШС

Орналасқан жері: индексі A15C8X5 Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Бостандық ауданы, "Көктем-1" шағынауданы, 1-үй, 105-тұрғын емес үй-жай

БСН (бар болса):

2) заңды тұлғаны эмитентке қатысты еншілес және (немесе) тәуелді деп тану негіздері: Эмитенттің осы ЖШС жарғылық капиталына басым қатысуына байланысты.

3) егер еншілес және (немесе) тәуелді заңды тұлға акционерлік қоғам болған жағдайда, эмитенттің еншілес және (немесе) тәуелді заңды тұлғаның жарғылық капиталына қатысу үлесінің көлемі - сондай акционерлік қоғамның эмитентке тиесілі дауыс беруші акцияларының үлесі: жүз пайыз

1) толық және қысқартылған атауы, бизнес-сәйкестендіру нөмірі (бар болса), орналасқан жері:

Толық атауы: «Jusan Инкассация» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Қысқартылған атауы: «Jusan Инкассация» ЖШС

Орналасқан жері: Алматы қаласы, Федорова көшесі, 12 "Г"

БСН (бар болса):

2) заңды тұлғаны эмитентке қатысты еншілес және (немесе) тәуелді деп тану негіздері: Эмитенттің осы ЖШС жарғылық капиталына басым қатысуына байланысты.

3) егер еншілес және (немесе) тәуелді заңды тұлға акционерлік қоғам болған жағдайда, эмитенттің еншілес және (немесе) тәуелді заңды тұлғаның жарғылық капиталына қатысу үлесінің көлемі - сондай акционерлік қоғамның эмитентке тиесілі дауыс беруші акцияларының үлесі: жүз пайыз

37. Эмитент жарғылық капиталының он және одан көп пайызына иелік ететін ұйымдар туралы мәліметтер (осы қосымшаның 36-тармағында көрсетілген заңды тұлғаларды қоспағанда), әрбір сондай ұйымды көрсете отырып:

Эмитент ешбір ұйымда жарғылық капиталдың он және одан да көп пайызын (осы қосымшаның 36-тармағында көрсетілген заңды тұлғаларды қоспағанда) иеленбейді.

38. Эмитенттің кредиттік рейтингі туралы мәліметтер:

1) кредиттік рейтингті беру объектісі (эмитент, эмитенттің бағалы қағаздары):

Эмитент

Уәкілетті органға облигациялар шығарылымын (облигациялық бағдарламаны) тіркеуге құжаттарды берген күннің алдындағы күндегі кредиттік рейтингтің мәні.

Ұзақ мерзімді депозиттер бойынша рейтинг: Ba3/Позитивті/NP.

Депозиттер бойыншы ұлттық шкаладағы рейтинг: Ba1.kz

Кредиттік рейтинг берген ұйымның толық және қысқартылған атауы, орналасқан жері:

Толық атауы: Moody's рейтинг агенттігі

Қысқартылған атауы: Moody's

Орналасқан жері: Нью-Йорк, Нью-Йорк, АҚШ

Эмитент өзінің қалауы бойынша көрсететін кредиттік рейтинг туралы өзге де мәліметтер көрсетіледі.

жоқ

2) эмитенттің бағалы қағаздары кредиттік рейтинг берілген объект болған жағдайда халықаралық сәйкестендіру нөмірі (код ISIN) және ол берілген күн, сондай-ақ кредиттік рейтинг берген рейтингтік агенттіктің атауы қосымша көрсетіледі:

39. Эмитенттің облигацияларын ұстаушылардың өкілі туралы мәліметтер (қамтамасыз етілген, инфрақұрылымдық немесе ипотекалық облигациялар шығарылған жағдайда):

Қолданылмайды

40. Эмитенттің төлем агенті туралы мәліметтер (бар болса):

1) төлем агентінің толық атауы;

қолданылмайды

2) төлем агентінің және оның бағалы қағаздар бойынша кірістерді (облигациялардың номиналды құнын) төлейтін барлық филиалдарының орналасқан жері, байланыс телефондарының нөмірлері, деректемелері;

Орналасқан жері

қолданылмайды

Байланыс телефондары

Реквизиты платежного агента

қолданылмайды

3) эмитенттің төлем агентімен жасасқан шарттың күні мен нөмірі.

Келісімшарт нөмірі

қолданылмайды / не применимо

Келісімшарт күні

41. Эмитенттің консультанттары туралы мәліметтер (егер Бағалы қағаздар рыногы туралы заңға сәйкес эмиссиялық бағалы қағаздарды қор биржасының ресми тізіміне енгізу және олардың тізімде болуы мәселелері бойынша консультациялық қызметтер көрсету бойынша

Бұл құжат ҚР 2003 жылдың 7 қаңтарындағы "Электронды құжат және электронды сандық қол қою" туралы заңның 7 бабы, 1 тармағына сәйкес қағаз бетіндегі заңмен тең.

Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года N370-II "Об электронном документе и электронной цифровой подписи" равнозначен документу на бумажном носителе.

шарт жасасу міндеті белгіленген жағдайда):

1) эмитенттің акцияларын қор биржасының ресми тізіміне енгізу және олардың тізімде болуы мәселелері бойынша консультациялық қызметтер көрсететін тұлғаның толық және қысқартылған атауы;

Толық атауы қолданылмайды

Қысқартылған атауы қолданылмайды

2) эмитенттің бағалы қағаздарын қор биржасының ресми тізіміне енгізу және олардың тізімде болуы мәселелері бойынша консультациялық қызметтер көрсететін тұлғаның орналасқан жері, байланыс телефондарының нөмірлері;

Орналасқан жері қолданылмайды

Телефон нөмірі

3) эмитенттің бағалы қағаздарын қор биржасының ресми тізіміне енгізу және олардың тізімде болуы мәселелері бойынша консультациялық қызметтер көрсететін тұлғамен эмитенттің жасасқан шартының күні мен нөмірі.

Келісімшарт нөмірі қолданылмайды / не применимо

Келісімшарт күні

42. Эмитенттің аудиторлық ұйымы туралы мәліметтер:

1) тиісті аккредиттелген кәсіби аудиторлық ұйымдарға тиістілігін көрсете отырып, эмитенттің соңғы аяқталған 2 (екі) қаржы жылы үшін қаржылық есептілігінің аудитін жүзеге асырған (жүзеге асыратын) аудиторлық ұйымдардың толық ресми атауы (аудитордың тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса)).

Аудиторлық ұйымдардың толық ресми атауы (немесе аудитордың Тегі, Аты, Әкесінің аты (бар болса)): 2024 жыл: «Эрнст энд Янг» ЖШС Хегай Ольга Геннадьевна

Аудитордың тиесілі аккредиттелген кәсіби аудиторлық ұйымдары «Эрнст энд Янг» ЖШС

2) телефон және факс нөмірі, электрондық пошта мекенжайы (бар болса).

Телефон нөмірі: +7-727-258-59-60

Факс нөмірі (бар болса):

Электронды пошта мекен-жайы (бар болса): almaty@kz.ey.com

1) тиісті аккредиттелген кәсіби аудиторлық ұйымдарға тиістілігін көрсете отырып, эмитенттің соңғы аяқталған 2 (екі) қаржы жылы үшін қаржылық есептілігінің аудитін жүзеге асырған (жүзеге асыратын) аудиторлық ұйымдардың толық ресми атауы (аудитордың тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса)).

Аудиторлық ұйымдардың толық ресми атауы (немесе аудитордың Тегі, Аты, Әкесінің аты (бар болса)): 2023 жыл: «КПМГ Аудит» ЖШС Урдабаева Асель Ахметжановна

Аудитордың тиесілі аккредиттелген кәсіби аудиторлық ұйымдары «КПМГ Аудит» ЖШС

2) телефон және факс нөмірі, электрондық пошта мекенжайы (бар болса).

Телефон нөмірі: +7-727-298-08-98

Факс нөмірі (бар болса):

Электронды пошта мекен-жайы (бар болса): kz-fmkztenders@kpmg.com

43. Осы қосымшаның 19, 20, 21 және 22-тармақтарында көрсетілмеген, бірақ "Жауапкершілігі шектеулі және қосымша жауапкершілігі бар серіктестіктер туралы" және "Акционерлік қоғамдар туралы" Қазақстан Республикасының Заңдарына сәйкес эмитенттің үлестес тұлғалары болып табылатын эмитенттің үлестес тұлғалары.

1) жеке тұлға үшін – эмитенттің үлестес тұлғасының тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса);

2) заңды тұлға үшін – эмитенттің үлестес тұлғасының толық атауы, орналасқан жері және

Бұл құжат ҚР 2003 жылдың 7 қаңтарындағы "Электронды құжат және электронды сандық қол қою" туралы заңның 7 бабы, 1 тармағына сәйкес қағаз бетіндегі заңмен тең.

Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года N370-II "Об электронном документе и электронной цифровой подписи" равнозначен документу на бумажном носителе.

бірінші басшысының тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса).

Егер осы заңды тұлға жауапкершілігі шектеулі серіктестіктің ұйымдық-құқықтық нысанында құрылса, онда қатысу үлесін көрсете отырып, осы заңды тұлғаның жарғылық капиталына қатысу үлесінің он және одан да көп пайызын иеленетін қатысушылары туралы мәліметтер көрсетіледі:

жеке тұлға үшін - тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса);

заңды тұлға үшін - толық атауы, орналасқан жері;

3) оларды эмитенттің үлестес тұлғаларына жатқызудың негізі және эмитентпен үлестес болған күн.

Эмитент жарғылық капиталына қатысу үлестерінің немесе акцияларының он немесе одан көп пайызына иелік ететін, заңды тұлға болып табылатын эмитенттің үлестес тұлғасына қатысты қосымша:

эмитент жарғылық капиталына қатысу үлестерінің немесе акцияларының он немесе одан көп пайызына иелік ететін заңды тұлғаның толық атауы, орналасқан жері және бірінші басшысының тегі, аты, әкесінің аты (егер бар болса);

эмитентке тиесілі жарғылық капиталына қатысу үлестерінің немесе акцияларының осы заңды тұлғаның жарғылық капиталындағы орналастырылған акциялардың немесе қатысу үлестерінің жалпы санына пайыздық қатынасы;

эмитент жарғылық капиталына қатысу үлестерінің немесе акцияларының он немесе одан көп пайызына иелік ететін заңды тұлғаның негізгі қызмет түрлері;

эмитент осы заңды тұлғаның жарғылық капиталындағы акциялардың немесе акциялардың он немесе одан да көп процентін иеленген күн;

заңды тұлға жауапкершілігі шектеулі серіктестіктің ұйымдық-құқықтық нысанында құрылса, онда қатысу үлесін көрсете отырып, осы заңды тұлғаның жарғылық капиталына қатысу үлесінің он және одан да көп пайызын иеленетін өзге қатысушылары туралы мәліметтер көрсетіледі:

жеке тұлға үшін - тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса);

заңды тұлға үшін - толық атауы, орналасқан жері.

Арнайы қаржы компаниясы облигацияларды шығарған кезде, үлестестікті тану және оның пайда болу күнін көрсете отырып, секьюритизациялау мәмілесіне тараптардың үлестес екені туралы ақпаратты ашып көрсетеді.

Егер эмитенттің үлестес тұлғалары туралы мәліметтер облигациялар шығарылымын (облигациялық бағдарламаны) мемлекеттік тіркеу үшін құжаттарды ұсыну күніне дейін қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсында орналастырылған болса, онда осы тармақты эмитент толтырмайды.

Эмитенттің үлестес тұлғалары туралы мәліметтер интернет-ресурста орналастырылды қаржылық есептілік депозитарийінің құжаттары мемлекеттік қызметке ұсынылған күнге дейін облигациялар шығарылымын тіркеу (облигациялық бағдарлама).

44. Эмитенттің облигациялар шығарылымына және оларға қызмет көрсетуге жұмсаған шығындарының сомасы, сондай-ақ осы шығындардың қалай төленетіні туралы мәліметтер.

қолданылмайды

Бұл құжат ҚР 2003 жылдың 7 қаңтарындағы "Электронды құжат және электронды сандық қол қою" туралы заңның 7 бабы, 1 тармағына сәйкес қағаз бетіндегі заңмен тең.

Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года N370-II "Об электронном документе и электронной цифровой подписи" равнозначен документу на бумажном носителе.

45. Облигациялық бағдарламаны мемлекеттік тіркеген кезде осы қосымшаның 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11, 12, 13, 14, 15, 16, 17, 18, 31, 32, 33, 39, 40, 41 және 44-тармақтары толтырылмайды.

46. Тұрақтандыру банкі осы қосымшаның 20, 21, 22, 23, 24, 25, 26, 27, 28, 29, 30, 33, 34, 35, 36, 37, 38, 39, 40, 41, 42, 43 және 44-тармақтарын толтырмайды.

Уәкілетті тұлға

null

Электрондық цифрлық қолтаңба

Бұл құжат ҚР 2003 жылдың 7 қаңтарындағы "Электронды құжат және электронды сандық қол қою" туралы заңның 7 бабы, 1 тармағына сәйкес қағаз бетіндегі заңмен тең.

Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года N370-II "Об электронном документе и электронной цифровой подписи" равнозначен документу на бумажном носителе.



11.08.2025

Алматы қаласы


Өтінішке жауап ретінде:
№ KZ97BHKCSD00006618

Өтініш беруші:
"Alatau City Bank" Акционерлік қоғамы
БСН: 920140000084

**Облигацияларды шығару проспектісіне
енгізілген өзгерістерді және (немесе)
толықтыруларды мемлекеттік тіркеу туралы**

null

Уәкілетті тұлға:



Электрондық цифрлық қолтаңба:

Хаджиева Мария Жамаловна
(тегі, инициалдары)